



НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ БАНКТЕРДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ПІКІРТЕРІМ

2024 ЖЫЛҒЫ
3-тоқсан

Кредиттеу туралы банктерде жүргізілген пікіртерім

2024 жылғы 3-тоқсан

Корпоративтік секторды кредиттеу

3-тоқсанда кәсіпкерлік субъектілері тарапынан сұраныс алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталды. Бұл ретте кәсіпкерлік субъектілерінің жекелеген санаттары бойынша сұраныс әркелкі қалыптасты (1-сурет).

Банктердің пікірінше, ірі бизнес субъектілері тарапынан кредиттерге сұраныстың оң үрдісі жалғасуда. Бұл көбінесе кредиттік ресурстар құнының біртіндеп төмендеуімен байланысты (4-сурет). Сонымен қатар, жекелеген банктер бірқатар инвестициялық жобаның жанданғанын атап өтті. Бұл өз кезегінде бизнестің қарыз қаржыландыруға сұранысын қолдауға септігін тигізді. Бұл ретте алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда ірі жобаларды несиелендіруге шектеулі қажеттілік байқалды. Нәтижесінде ірі бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 3%-ға тоқсаннан тоқсанға (т/т), 196-ға дейін өсті. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 25%-ға (т/т), 10,1 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Банктер негізінен мемлекеттік бағдарламалар аясында жеңілдетілген кредиттеудің 2024 жылға арналған лимиттерді игеру аясында қаржыландырудың тоқтауы есебінен орта бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың шамалы төмендегенін атап өтті (1-сурет). Бұдан басқа, жеке ірі банк экономиканың жекеленген салаларында, атап айтқанда мемлекеттік сатып алу шеңберінде қызметтер көрсетумен байланысты орта бизнестің белсенділігінің төмендеуі және айналымының қысқару үрдісін атап өтті. Бұл ретте 3-тоқсанда жеке орта банк орта және ірі бизнесті кредиттеу өнімін іске қосты. Банк орта бизнес субъектілерін осы өнім бойынша кредиттеудің ұлғаюын болжап отыр. Оның ішінде облигациялар шығару арқылы экономиканың басым салаларында нақты секторды кредиттеуге «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» қаражатын тартудың күтілуін ескеріп отыр. Осылайша, орта бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 40%-ға (т/т), 4,6 мыңға дейін төмендеді. Ал өтінімдердің орташа мөлшері 96%-ға (т/т), 895 млн теңгеге дейін өсті. Орташа мөлшердің мұндай ұлғаюы шағын көлемдегі несиелерге өтінімдер үлесінің айтарлықтай төмендеуімен байланысты.

Шағын бизнес субъектілері тарапынан кредиттерге сұраныс 3-тоқсанның қорытындысы бойынша шамалы төмендеді. Шағын бизнес сегментіндегі сұраныс динамикасының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырудан тәуелділігі жалғасуда (1-сурет). Сонымен қатар, ірі және орта банктер несие беру шарттарын қатаңдату жеке кәсіпкерлер сұранысына уақытша әсер еткенін атап өтті (2-сурет). Бұл ретте 3-тоқсанның қорытындысы бойынша қаржы реттеушісі жеке кәсіпкерлерге беретін кредиттер бойынша жұбайының (зайыбының) міндетті келісімі талап етілетін лимитті арттырды. Бұл

банктердің пікірінше, микро-бизнес субъектілерінің одан әрі сұранысына оң әсер етеді. Бұдан басқа, жеке ірі банк азық-түлік тауарларының көтерме және бөлшек сауда субъектілері үшін үздіксіз ақша ағынын қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді қарыздар бойынша онлайн өнімді іске қосты. Өз кезегінде, басқа банк Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің дерекқорларымен интеграциялау арқылы декларацияланған кірістерді онлайн бағалауды енгізді. Нәтижесінде шағын бизнестің кредиттік өтінімдерінің жалпы саны 3%-ға (т/т) артып, 845 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 21%-ға (т/т), 39,5 млн теңгеге дейін төмендеді.

Шағын бизнес субъектілері бойынша кредиттік өтінімдерді мақұлдау коэффициенттері алдыңғы тоқсанның деңгейінде сақталды және 35%-ды құрады. Ал орта және ірі бизнес субъектілері бойынша тиісінше 41% және 51%-ға дейін шамалы өсім көрсетті. Орта және ірі бизнес бойынша мақұлдау үлесінің ұлғаюы 2-тоқсанда келіп түскен өтінімдердің біршама бөлігі есепті тоқсан ішінде қаралғанына байланысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін төмендету нәтижесінде сыйақы мөлшерлемелерін біршама жеңілдетуді есепке алмағанда, орта және ірі бизнес үшін 3-тоқсан ішінде кредиттеу шарттары іс жүзінде өзгеріске ұшырамады (4-сурет). Өз кезегінде, шағын бизнесті несиелендіруге арналған онлайн-өнімдердің жекелеген шарттары біршама күшейтілді. Осы орайда, кейбір ірі банктер скорингтік модельдердегі мақұлдау шектерін қайта қарады. Бұдан бөлек, жеке ірі банктің пікірінше, кепілді сату жөніндегі бірыңғай платформаны құру банктің қарыздарының тәуекел-параметрлерін қайта қарау арқылы кепілмен қамтамасыз етуді бағалауды қатаңдатуға әсер етті.

4-тоқсанда банктер бизнес субъектілері тарапынан сұраныстың қалпына келуін күтеді, бұл көбінесе жекелеген өңірлерде мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржыландыруды қайта бастаумен байланысты (1-сурет). Сонымен қатар, жекелеген ірі банктер есепті тоқсанда іске қосылған өнімдер бойынша кредиттеудің ұлғаюын болжайды. Негізінен, банктер несиелеу шарттары мен өнімдеріне елеулі өзгерістер енгізуді жоспарламайды. Бұл ретте кейбір банктер квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан қаржыландыру мен кепілдіктерді тарту есебінен орта және ірі бизнес жобаларын қаржыландыруды ұлғайтуды күтуде.

Жеке тұлғаларды кредиттеу

3-тоқсанның қорытындысы бойынша автокредиттер мен ипотекалық қарыздарға сұраныс өсті, ал кепілмен және кепілсіз тұтынушылық несиелерге сұраныс төмендеді.

Ипотекалық несиелеуге сұраныс 3-тоқсанда өткен тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай өсті (5-сурет). Жекелеген банктер ипотекалық қарыздарға сұраныстың өсуіне мемлекеттік жеңілдікпен ипотекалық бағдарламалар шеңберінде қосымша өтінімдер жинау, құрылыс компанияларымен әріптестік өнімдер санының ұлғаюы, ұсынылатын өнімдерді цифрландыру, сондай-ақ бәсекелес банктердің кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды біршама қатаңдатуы әсер еткенін атап өтті. Мәселен, ипотекалық қарыздар бойынша өтінімдер саны 31%-ға (т/т), 274 мыңға дейін ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 8%-ға (т/т) ұлғайып, 18 млн теңгені құрады.

Тұтынушылық несиелендіруге сұраныс динамикасына қатысты банктердің жауаптарының әр түрлілігіне қарамастан, жалпы тенденция оның ұзақ өсуінен кейін сұраныстың шамалы төмендеуін көрсетеді. Сұраныстың төмендеуі кепілге қойылатын талаптардың қатаңдатылуымен түсіндіріледі (8-сурет). Бұл ретте жекелеген банктер маркетингтік науқандарды жүргізу және сыйақы мөлшерлемесін төмендету нәтижесінде олардың кредиттік өнімдеріне сұраныстың артқанын атап өтеді. Осылайша, келіп түскен өтінімдер саны 6%-ға (т/т) 48 мыңға дейін шамалы ұлғайды, ал өтінімдердің орташа мөлшері 6%-ға (т/т) 12,6 млн теңгеге дейін ұлғайды.

Банктер кепілсіз қарыздардың максималды сомасы бойынша реттеуші талаптарды енгізу салдарынан кредиттеудің жекелеген шарттарының қатаңдатылуына және жеке тұлғалардың 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға қарыздарды ресімдеу кезінде жұбайының (зайыбының) келісімін алу қажеттілігіне байланысты тұтынушылық кепілсіз қарыздарға сұраныстың шамалы төмендегенін атап өтеді. Алайда, банктердің пікірінше, сұраныстың төмендеуі талаптардың өзінен гөрі талаптарды жүзеге асыру барысындағы уақытша техникалық қиындықтарымен байланысты болды. Сонымен қатар, жеке банк жалақы карталарын ұстаушыларға кредит беру бағдарламасына кепілсіз қарыздың максималды сомасы бөлігінде қатаңдатудың теріс әсерін атап өтті. Жалпы, банктер қолма-қол ақшамен несиеге деген сұраныстың төмендегенін, ал тауарлық несиеге деген сұраныстың артқанын атап өтті. Осылайша, кредиттеудің осы сегментіндегі өтінімдердің жалпы саны 5%-ға (т/т), 20,7 млн-ға дейін төмендеді, ал өтінімдердің орташа мөлшері 1,1 млн теңге ауданында қалды.

3-тоқсанның қорытындысы бойынша автокредиттерге сұраныс шамалы өсті (5-сурет). Бұл көбінесе автосалон серіктестері тарапынан маркетингтік жылжытулардың және осындай серіктестер ішінара субсидиялайтын бірқатар науқандық өнімдерді ұсынудың

нәтижесі болып табылады. Осы ретте жекелеген орта банк есепті тоқсанда автокредиттер портфелінің одан әрі ұлғайтуға дайын еместігін атап өтті, бұл негізнен осы сегменттегі ұсыныстың үздіксіз артуы салдарынан кепілмен қамтамасыз ету құнының төмендеу тәуекелдерінің туындау ықтималдығына байланысты. Нәтижесінде автокредиттерге өтінімдер саны 10%-ға (т/т), 1,1 млн-ға дейін өсті, ал өтінімдердің орташа мөлшері 6,9 млн теңге деңгейінде қалды.

Ипотекалық өнімдер бойынша мақұлдау коэффициенттері 4 пайыздық пунктке (т/т) ұлғайды және 44%-ды құрады. Мақұлданған кепілсіз қарыздар мен автокредиттердің үлесі 2 пайыздық пунктке ұлғайды және тиісінше 29% және 17%-ды құрады, ал қамтамасыз етумен тұтынушылық қарыздар бойынша ол 31%-ды құрап, 3 пайыздық пунктке төмендеді. Банктер автокредиттер бойынша мақұлдау коэффициенттерінің артуын борыштық жүктеме коэффициентіне қойылатын талаптарды қатаңдатудың ағымдағы жылдың соңына дейін кейінге шегерілуімен байланыстырады. Өз кезегінде, тұтынушылық кепілсіз кредиттер бойынша мақұлдау үлесінің ұлғаюын кейбір банктер қарыз алушының табысын растау үшін карточкалық шоттар бойынша үзінді көшірмелері қабылданатын банктер тізімін кеңейту шешімімен түсіндіреді.

4-тоқсанда банктер сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеуі аясында кепілмен қамтамасыз етілетін тұтынушылық қарыздарға сұраныстың шамалы өсуін күтеді. Басқа жекелеген өнімдер бойынша, банктердің пікірінше, сұраныс 2024 жылдың 3-тоқсаны деңгейінде сақталады. Жеке банктер 4-тоқсанда тауарлық несиелерге сұраныстың біршама өсуін және қолма-қол ақшамен несиеге сұраныстың төмендеуін күтеді.

Зерттеу бойынша жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсынысқа деген өзгерісті бағалау мақсатында банктерге кредиттеу туралы пікіртерімді тоқсан сайын жүргізеді. Пікіртерім банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына жіберілді. Зерттеу барысында жекелеген банктердің өкілдерімен сауалнама және кейін сұхбат алу арқылы барлық банкте пікіртерім жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап нұсқалары төменде келтірілгендердің біреуін таңдауды білдіреді:

-1 = айтарлықтай азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = біршама азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

0 = бұрынғы деңгейде қалады (қалды)

0,5 = біршама ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = айтарлықтай ұлғаяды (ұлғайды)/жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы I тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) – өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) белгілеген респонденттер үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) белгілеген респонденттердің үлесі арасындағы айырманы есептеу арқылы қарапайым орташа ретінде жинақталды.

2018 жылғы I тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктердің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге жинақталады. Аталған индикатордың мәні егер банктер «айтарлықтай азайды/қатаңдады» жауабын таңдаса – 100%-дан бастап, егер банктер «біршама айтарлықтай ұлғайды/жеңілдеді» жауабын таңдаса – 100%-ға дейін құбылуы мүмкін.

Аталған ТПӨ индикаторының оң мәні – өлшемдердің өсу (жеңілдеу) қарқынын, теріс мәні – төмендегенін (қатаңдағанын) білдіреді. Бұл ретте, таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгерістің шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін ғана көрсетеді.

Сонымен қатар 2018 жылғы I тоқсаннан бастап түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдерге қатысты сұрақтар қосылды (№21, 22, 23-сұрақтар). Түскен өтінімдердің жалпы саны кредиттік шешім (мақұлданды/ бас тартылды) қабылданған өтінімдерді және зерттеу жүргізу барысында қаралып жатқан өтінімдерді қамтиды.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұранысы



(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюу белгісі болады.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары




(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.


4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.


5-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс
Таза пайыздық өзгеріс



(а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюуына белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары
Таза пайыздық өзгеріс




(а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.

8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (a) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?
 №15 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.